



"Альфа-Банк" ЕБ АҚ Директорлар кеңесінің
(2021 жылғы 28 желтоқсандағы
мәжілістің №41 хаттамасы)
шешімімен
Б е к і т і л д і

2021 жылғы 28 желтоқсанда
күшіне енді

**«Альфа-Банк» ЕБ АҚ
Куәландырушы орталығының тіркеу
куәліктерін қолдану
САЯСАТЫ
(2.0.0 редакциясы)**

Алматы қ.
2021 ж.

М А З М Ұ Н Ы:

1 бөлім. КІРІСПЕ.....	5
1.1.параграф. ЖАЛПЫ ҚАҒИДА.....	5
1.2 параграф. ҚҰЖАТ АТАУЫ ЖӘНЕ АТРИБУТТАРЫ.....	5
1.3 параграф. БАНКІНІҢ АШЫҚ КІЛТТЕР ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ	6
1.4 параграф. ТІРКЕУ КУӘЛІКТЕРІНІҢ МАҚСАТЫ	6
1.5 параграф. ҚҰЖАТТАРДЫ БАСҚАРУ	7
1.6 параграф. ГЛОССАРИЙ.....	7
2 бөлім. ҚОЙМА ЖӘНЕ ОНДАҒЫ ДЕРЕКТЕРДІ ЖАРИЯЛАҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК.....	10
2.1 параграф. ҚОЙМА.....	10
2.2. параграф. ҚОЙМАДА ТІРКЕУ КУӘЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯЛАУ	10
2.3. параграф. ҚОЙМАДАҒЫ ДЕРЕКТЕРДІ АКТУАЛДАНДЫРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ.....	10
2.4. параграф. ҚОЙМАҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІ БАҚЫЛАУ	11
3 бөлім. СӘЙКЕСТЕНДІРУ ЖӘНЕ АУТЕНТИФИКАЦИЯ	11
3.1. параграф. АТТАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	11
3.2 параграф. БІРДЕЙЛІКТІ БАСТАПҚЫ ТЕКСЕРУ	12
4 бөлім. ТІРКЕУ КУӘЛІКТЕРІНІҢ ӨМІРЛІК ЦИКЛДЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР	12
4.1 параграф. ТІРКЕУ КУӘЛІКТЕРІН ШЫҒАРУҒА ӨТІНІШ.....	12
4.2 параграф. ТІРКЕУ КУӘЛІКТЕРІН ШЫҒАРУҒА ӨТІНІШТЕРДІ ӨҢДЕУ	13
4.3 параграф. ТІРКЕУ КУӘЛІКТЕРІН ШЫҒАРУ	14
4.4 параграф. ТІРКЕУ КУӘЛІКТЕРІН ҚАБЫЛДАУ	14
4.5 параграф. ТІРКЕУ КУӘЛІКТЕРІН ЖӘНЕ ОЛАРҒА СӘЙКЕСЕТІН ЖАБЫҚ КРИПТОГРАФИЯЛЫҚ КІЛТТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ.....	14
4.6 параграф. ТІРКЕУ КУӘЛІКТЕРІНДЕГІ ҚОЛДАНУ МЕРЗІМІН ЖАҒАЛАУ	16
4.7 параграф. ТІРКЕУ КУӘЛІКТЕРІНДЕГІ КРИПТОГРАФИЯЛЫҚ КІЛТТЕРДІ АУЫСТЫРУ	16
4.8 параграф. ТІРКЕУ КУӘЛІКТЕРІНДЕГІ ДЕРЕКТЕРДІ ӨЗГЕРТУ	16
4.9 параграф. ТІРКЕУ КУӘЛІКТЕРІН КЕРІ ҚАЙТАРЫП АЛУ	16
5 бөлім. ФИЗИКАЛЫҚ, ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚАРУШЫ БАҚЫЛАУЛАР ..	18
5.1 параграф. ФИЗИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ	18

5.2 параграф. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ	18
5.3 параграф. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАҚЫЛАУ	19
5.4 параграф. БАҚЫЛАУ ХАТТАМАЛАУЫНЫҢ ПРОЦЕДУРАЛАРЫ	19
5.5 параграф. АРХИВ ЖҮРГІЗУ	20
5.6 параграф. КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚТЫҢ КРИПТОГРАФИЯЛЫҚ КІЛТТЕРІН АУЫСТЫРУ	20
5.7 параграф. ТӨТЕНШЕ ОҚИҒАЛАР НЕМЕСЕ ӘШКЕРЕ БОЛУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕУДІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ	20
5.8 параграф. КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТОҚТАУЫ.....	21
6 бөлім. ҚАУІПСІЗДІКТІ ТЕХНИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ	21
6.1 параграф. КРИПТОГРАФИЯЛЫҚ КІЛТТЕРДІ ГЕНЕРАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ОРНАТУ	21
6.2. параграф ЖАБЫҚ КРИПТОГРАФИЯЛЫҚ КІЛТТЕРДІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ КРИПТОГРАФИЯЛЫҚ МОДУЛЬДЕРДІ ИНЖЕНЕРЛІК БАҚЫЛАУ	22
6.3 параграф. КРИПТОГРАФИЯЛЫҚ КІЛТТЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ ӨЗГЕ АСПЕКТІЛЕРІ.....	23
6.4 параграф. АКТИВТЕУ ДЕРЕКТЕРІ	23
6.5 параграф. ЕСЕПТЕУ РЕСУРСТАРЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ	23
6.6 параграф. ДАМУДЫ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІКТІ БАСҚАРУДЫ БАҚЫЛАУ	24
6.7 параграф. ЖЕЛІ ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ	24
6.8 параграф. УАҚЫТ БЕЛГІЛЕРІ	24
7 бөлім. ТІРКЕУ КУӘЛІКТЕРІНІҢ, СОРС ЖӘНЕ ОССР ПРОФИЛЬДЕРІ	24
7.1 параграф. ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ ПРОФИЛЬДЕРІ.....	24
7.2 параграф. КЕРІ ҚАЙТАРЫЛЫП АЛЫНҒАН ТІРКЕУ КУӘЛІКТЕРІ ТІЗІМІНІҢ ПРОФИЛЬДЕРІ.....	25
7.3 параграф. ОССР СЕРВИСІНІҢ ПРОФИЛІ.....	25
8 бөлім. ҚЫЗМЕТТІ ТЕКСЕРУ	25
9 бөлім. ӨЗГЕ СҰРАҚТАР	25
9.1 параграф. ТАРИФТЕР	25
9.2 параграф. ЖАУАПКЕРШІЛІК	25
9.3 параграф. АҚПАРАТТЫҢ ҚҰПИЯЛЫҒЫ.....	25
9.4 параграф. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРІН ҚОРҒАУ	25
9.5 параграф. ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ.....	26
9.6. параграф. КЕПІЛДІКТЕР ЖӘНЕ КУӘЛАНДЫРУЛАР	26
9.7 параграф. КЕПІЛДІКТЕН БАС ТАРТУ	26
9.8 параграф. ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ	26
9.9 параграф. ӨТЕМДЕР	26

9.10. параграф	КҮШНЕ ЕНУІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУЫНЫҢ ТОҚТАУЫ	27
9.11 параграф.	ЖЕКЕ ХАБАРЛАМА ЖӘНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРМЕН БАЙЛАНЫС .	27
9.12 параграф.	ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР.....	27
9.13 параграф.	ДАУЛАРДЫ ШЕШУ	28
9.14 параграф.	ЮРИСДИКЦИЯ.....	28
9.15 параграф.	ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМАҒА СӘЙКЕСТІК	28
9.16 параграф.	ӨЗГЕ ҚАҒИДАЛАР	28

1 бөлім. КІРІСПЕ

1.1. параграф. ЖАЛПЫ ҚАҒИДА

1. Осы «Альфа-Банк» ЕБ АҚ куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін қолдану саясаты (әрі қарай – Тіркеу куәліктері саясаты) «Альфа-Банк» ЕБ АҚ куәландырушы орталығының (әрі қарай – Куәландырушы орталық/Банк) жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба сұрақтары бойынша құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес әзірленді.
2. Тіркеу куәліктері саясаты RFC 3647 «Internet X.509 Public Key Infrastructure Certificate Policy and Certification Practices Framework» (X.509 форматындағы ашық кілттер интернет инфрақұрылымындағы сертификаттар саясаты және практикасы құжаттарының құрылымы) халықаралық салалық кеңестерін ескере отырып әзірленді.
3. Тіркеу куәліктері саясаты Куәландырушы орталық шығаратын тіркеу куәліктерінің түрлерін, негізгі принциптерін және Банкінің ақпараттық қауіпсіздігінің типтік талаптарымен біріктірілген мүдделі ақпараттық жүйелерде оларды қолданудың жалпы талаптарын анықтайды, бұл осы тіркеу куәліктерін пайдаланатын ақпараттық жүйелердегі сенімнің белгілі бір деңгейіне кепілдік береді.
4. Тіркеу куәліктері саясаты Куәландырушы орталық жұмысының толық тәртібін және процедурасын, Қазақстан Республикасының құқықтық актілері мен RFC 3647 халықаралық салалық кеңестердің талаптарына сәйкес жеке ішкі нормативтік құжатқа (әрі қарай – Куәландырушы орталық қызметінің ережелері). бөлінген ашық кілттер инфрақұрылымының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді анықтамайды.
5. Куәландырушы орталықтың сервистерін пайдаланатын Банкінің ақпараттық жүйесіне қатысушы тіркеу куәлігін шығару өтінішіне қол қойған сәттен бастап қатысушы үшін оған қолданылатын Тіркеу куәліктері саясатының және Куәландырушы орталық қызметі ережелерінің талаптарын орындау міндетті болады, олардың сілтемелері қол қойылған өтініште берілген.
6. Куәландырушы орталық жазылушылар үшін шығаратын тіркеу куәліктері түрлерінің толық тізбесі олардың сәйкестендіруші белгілерін (профильдерін) көрсете отырып, интернет желісіндегі <https://alfabank.kz/pki/#PS> адресі бойынша Банкінің ақпараттық ресурсында жарияланды.

1.2 параграф. ҚҰЖАТ АТАУЫ ЖӘНЕ АТРИБУТТАРЫ

7. Құжат ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілтті орган шығарған Куәландырушы орталықтарды аккредитациялау сұрақтары бойынша құқықтық акт талап еткендей «Альфа-Банк» ЕБ АҚ Куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін қолдану саясаты» деп аталады¹.
8. Құжат редакциясы 2.0.0.
9. Тіркеу куәліктері саясаты осы редакцияда Банкінің Директор кеңесінің 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 41 хаттамалық шешімімен қолданысқа енгізілді.
10. Саясаттың қолданыстағы редакциясы Интернет желісіндегі Банкінің ресми ақпараттық ресурсында <https://alfabank.kz/pki/#DPP> адресі бойынша жарияланады.
11. Тіркеу куәліктері саясаты 1.2.398.3.21.1.1.1. объектілік сәйкестендіргіші беріле отырып, халықаралық объектілік сәйкестендіргіштер ағашына тіркелген.

¹ Тіркеу куәліктері саясаты бекітілген күні Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің 2020 жылғы 1 маусымдағы № 224/НҚ “Куәландырушы орталықтарға аккредитация жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы қолданыста болды.

1.3 параграф. БАНКІНІҢ АШЫҚ КІЛТТЕР ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

12. Куәландырушы орталық – Банкінің ашық криптографиялық кілттің жабық криптографиялық кілтке сәйкестігін куәландыратын, сондай-ақ өзі шығарған тіркеу куәлігінің шынайылығы мен жарамдылығын растайтын құрылымдық бөлімшесі².
13. Куәландырушы орталықтың Тіркеу орталығы – өз штатында тіркеу куәліктерін шығаруға немесе оларды кері қайтарып алуға құжаттар қабылдауға, өтініш берушілерді сәйкестендіруге, тиісті сұраныстарды куәландыруға және оларды Куәландырушы орталыққа жіберуге, сонымен қатар өтініш берушілерге олардың дайын тіркеу куәліктеріне қол жеткізу үшін қажетті деректерді беруге уәкілетті қызметкерлері бар Банкінің бөлімшесі.
14. Тіркеу куәлігінің иесі (немесе Куәландырушы орталықтың жазылушысы) - жеке тұлға немесе заңды тұлға, ол атына тіркеу куәлігі берілген субъект ретінде өзінің уәкілетті өкілінің атынан әрекет етеді және тіркеу куәлігінде көрсетілген ашық кілтке сәйкесетін жабық кілтті заңды түрде иелене алады.
15. Сенім білдіруші тараптар (немесе тіркеу куәліктерін пайдаланушылар) – тіркеу куәліктерінің иелері, немесе Куәландырушы орталық шығарған тіркеу куәліктеріне және/немесе электрондық цифрлық қолтаңбалары бар электрондық құжаттарға сүйеніп әрекет ететін кез келген басқа субъектілер, ол цифрлық қолтаңбалардың түпнұсқалығы осы тіркеу куәліктерінің көмегімен тексеріледі.

1.4 параграф. ТІРКЕУ КУӘЛІКТЕРІНІҢ МАҚСАТЫ

16. Куәландырушы орталық әртүрлі мақсаттағы тіркеу куәліктерін шығарады.
17. Куәландырушы орталықтың тіркеу куәліктерін шығарудың негізгі мақсаты Банкіге тиесілі ақпараттық жүйелердің қажеттіліктерін қамтамасыз ету болып табылады. Сонымен қатар, Банкінің Куәландырушы орталығы аккредиттелген және оның тіркеу куәліктері Қазақстан Республикасының Негізгі куәландырушы орталығының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған.
18. Осыған байланысты Куәландырушы орталық шығарған тіркеу куәліктерін өзге иеленушілердің мүдделі ақпараттық жүйелері қолдана алады. Бұл ретте, Банкінің Куәландырушы орталығы өзі шығарған тіркеу куәліктерін жоғары қауіптілік көздерін (ядролық, аэронавигациялық жабдықты, қару-жарақты бақылау жүйелерін және т.б.) басқаруға байланысты ақпараттық жүйелерде, сондай-ақ тіркеу куәлігіне негізделген сенім туралы шешім қабылдау кезіндегі қателік қызметкерлердің жарақаттануына немесе өліміне, немесе қоршаған ортаға зиян келтіруге әкеп соғуы ықтимал кез келген жағдайда өзге де ақпараттық жүйелерде пайдалануға тыйым салады.
19. Тіркеу куәлігінің мақсаты ашық кілтін осы тіркеу куәлігі куәландырған криптографиялық кілттер жұбын пайдалану мақсатымен анықталады.
20. криптографиялық кілттер жұбын пайдаланудың бекітілген мақсаты Куәландырушы орталық қатысушы үшін шығарған әр тіркеу куәлігінде, “keyUsage” және/немесе “extendedKeyUsage” кеңейтілімдерінде белгіленеді.
21. Бұдан өзге, куәландырушы орталық шығаратын тіркеу куәліктерінің рұқсат етілетін қолданылу саласы саясаттың Объектілік сәйкестендіргіштерінің көмегімен қосымша бөлінуі мүмкін, олар тіркеу куәлігінің кеңейтілімінде “certificatePolicies” атауымен белгіленеді.
22. Саясаттың объектілік сәйкестендіргіштерінің болуы тіркеу куәліктерін пайдаланатын ақпараттық жүйелерге жарамайтын тіркеу куәліктерін қолдануға шек қоя отырып,

² Тіркеу куәліктері саясаты бекітілген күні көрсетілген міндетті Банк Басқармасы Төрағасы блогының Ақпараттық қауіпсіздік департаментінің куәландырушы орталығының басқармасы шешеді.

міндетті және тыйым салынған саясаттар жиынының жүйесін бақылау нысанында қосымша қорғау мүмкіндігін береді.

23. Куәландырушы орталық шығарған тіркеу куәліктерін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Тіркеу куәліктерінің саясатына, Куәландырушы орталық қызметінің ережелеріне қарама-қайшы келетін тәсілдермен пайдалануға жол берілмейді.
24. Куәландырушы орталықтың жазылушыларының тіркеу куәліктері сенім білдіруші тараптардың бағдарламалық жасақтамасымен жұмыс істеу үшін пайдаланылады және куәландырушы орталықтың ақпараттық жүйесінің технологиялық тіркеу куәліктері ретінде пайдаланылмайды. Өз кезегінде Куәландырушы орталықтың ақпараттық жүйесінің технологиялық тіркеу куәліктері олардың тікелей функционалдық мақсатынан басқа әлдеқандай өзге мақсаттар үшін пайдаланылмайды.

1.5 параграф. ҚҰЖАТТАРДЫ БАСҚАРУ

25. Тіркеу куәліктері саясатын А15G5M8, Алматы қ., Айманов көшесі, 140 үй, Б2 блогы мекенжайында орналасқан Куәландырушы орталық актуалдандырады.
26. Құжатты актуалдындыру сұрақтары бойынша байланысу тұлғасы – Куәландырушы орталықтың бас талдаушысы, А15G5M8, Алматы қ., Айманов көшесі, 140 үй, Б2 блогы, +7 (727) 259-05-01 (іш. 4758), amakhnin@alfabank.kz.
27. Тіркеу куәліктерінің саясатына өзгертулер мен толықтыруларды жаңа редакция нысанында, немесе Тіркеу куәліктерінің саясатының ағымдағы редакциясына өзгертулер мен толықтырулар тізбесі нысанында Куәландырушы орталық дайындайды.
28. Тіркеу куәліктерінің саясатына өзгертулер мен толықтырулар бекітер алдында ішкі процедураларға сәйкес Банкінің мүдделі бөлімшелерінің және лауазымды тұлғалардың келісуінен өтеді³.
29. Тіркеу куәліктерінің саясатына өзгертулер мен толықтырулар Банкі Директорлар Кеңесінің хаттамалық шешімімен бекітіледі.
30. Тіркеу куәліктерінің саясатына енгізілген барлық өзгертулер мен толықтырулар Интернет желісіндегі Банкінің ресми ақпараттық ресурсында жарияланады.
31. Тіркеу куәліктерінің саясатын жаңа бекітілген редакцияда жариялау Куәландырушы орталық шығарған тіркеу куәліктерін пайдаланушылардың барлығы үшін, олардың иелерімен қоса, оның күшіне енгені туралы ресми хабарлама болып табылады.
32. Тіркеу куәліктерінің саясатына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар жарияланған күннен бастап, егер бекітуші шешімнің өтпелі қағидаларында өзгеше қарастырылмаған болса, өзгертулер мен толықтырулар Куәландырушы орталық шығарған тіркеу куәліктерін пайдаланушылардың барлығы үшін, олардың иелерімен қоса, қолдану үшін міндетті болады.

1.6 параграф. ГЛОССАРИЙ

33. Тіркеу куәліктерінің саясатында келесі түсініктер қолданылады:
 - 1) аутентификация – тұлғаның (заттың) өзін кім деп атайтыны (не деп атайтыны) болып табылатынын тексеруге арналған осы процесті жүзеге асыратын қауіпсіздік процесі немесе сервисі;
 - 2) Банк – «Альфа-Банк» ЕБ АҚ;
 - 3) активтеу деректері – криптографиялық операцияларды орындау үшін қажетті және қорғауды қажет ететін криптографиялық кілттерден басқа кез келген

³ Тіркеу куәліктері саясаты бекітілген күні Банк басқармасының 2021 жылғы 29 маусымдағы №39 хаттамалық шешімімен бекітілген «Ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу, өзгерту және/немесе толықтыру және әрекетін тоқтату кезіндегі бөлімшелердің өзара әрекеті бойынша нұсқаулық» қолданыста болды.

деректер: дербес сәйкестендіру нөмірлері (PIN), құпиясөз фразалары, бөлінген криптографиялық кілт компоненттері, биометриялық параметрлер және т.б.;

- 4) халықаралық объектілік сәйкестендіргіштер ағашы – кез келген нақты немесе абстракттілі объектілерді бір типті анық барлығын қамтитын атаумен атайтын стандартталған ITU-T және ISO/IEC механизм (X.660), ол ерекше нысандағы үш иерархиялық ағаш көмегімен аттарды тіркеуге арналған (3 әртүрлі тамырдан таралған), ондағы әр келесі түйін бүтінсанды нөмірге ие болады және оның өзінен таралатын бұтақтарды әрі қарай бөлуге және тіркеуге жауапты.
- 5) электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып, электрондық цифрлық қолтаңба жасауға арналған электрондық цифрлық символдар реті.
- 6) жабық криптографиялық кілт – ашық кілті бар криптожүйедегі тек жазылушыға белгілі кілт жұбының бір кілті⁴;
- 7) сәйкестендіру – Ережелер мәнмәтінінде жеке немесе заңды тұлғаның (осы тұлғаның шын мәнінде айқындалған анық өмірде бар тұлға болып табылатынын көрсететін) сәйкестігін белгілейтін процесс (немесе процесс нәтижесі) және ол екі кезеңнен тұрады:
ұсынушы тұлға ұсынған аттың анық өмірде бар тұлғамен сәйкестігін анықтау және
белгілі бір атпен әлденеге қол жеткізу үшін жүгінген тұлғаның шын мәнінде өзі атаған атқа ие тұлға болып табылатынын анықтау (аутентификация);
- 8) ашық кілттер инфрақұрылымы – бірлесе келе көмегімен көрсетілген міндеттер шешілетін ашық кілттерді басқаруды өз бетінше қамтамасыз етуге қабілетті ашық кілті бар криптожүйе негізінде криптографиялық міндеттерді шешу (аутентификация, шифрлеу, біртұтастығы мен дәлелділігін бақылау) үшін пайдаланылатын таратылып бөлінген қызметтер мен компоненттердің күші мен құралдарының жиынтығы (техникалық, материалдық, адамдар және басқа)
- 9) криптографиялық кілттердің әшкерә болуы – криптографиялық кілттер иесінің нақты криптографиялық кілттердің осы кілттердің көмегімен қорғалатын ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз ететіне сенімінің жоғалуы;
- 10) негізгі ақпаратты тасымалдаушы – Ережелер мәнмәтінінде криптографиялық кілттерді электронды түрде сақтауға қабілетті алынбалы машиналық ақпараты тасымалдаушы (мамандандырылған аппараттық токен, жад картасы, қатты диск және т.б.);
- 11) объектілік сәйкестендіргіш – ағаштың тамырынан осы түйінге қарай тәртіпке келтірілген бүтінсанды мәндер тізімі нысанындағы халықаралық объектілік сәйкестендіргіштер ағашына бірімәнді ат беретін сәйкестендіргіш;
- 12) электрондық сандық қолтаңбаның ашық кілті – кез келген тұлғаға қол жетімді және электрондық құжатта электрондық сандық қолтаңбаның түпнұсқалылығын растауға арналған электрондық цифрлық символдар реті;
- 13) ашық криптографиялық кілт – ашық кілтті криптожүйелердегі кілт жұбының көпшілікке белгілі кілті⁵;
- 14) тіркеу куәліктерін қолдану саясаты (сонымен қатар Тіркеу куәліктерінің саясаты деп те аталады) – ол ақпараттық қауіпсіздіктің жалпы талаптары бар қосымшалардың белгілі бір қауымдастығында (класында) тіркеу куәлігінің қолданымдылығын анықтайтын тақырып қойылған ережелер жинағы болып табылатын нормативтік құжат;

⁴ Жабық электрондық цифрлық қолтаңба кілттері жабық криптографиялық кілттердің бір түрі болып келеді.

⁵ Ашық электрондық цифрлық қолтаңба кілттері ашық криптографиялық кілттердің бір түрі болып келеді.

- 15) Куәландырушы орталық қызметінің ережелері – Куәландырушы орталықтың негізгі бизнес-процестерінің барысымен қоса, тіркеу куәліктерін қолдану саясатына сәйкес жүзеге асырылатын куәландырушы орталықтың негізгі қызметін ұйымдастыру тәртібін анықтайтын нормативтік құжат;
- 16) тіркеу куәлігі – электрондық цифрлық қолтаңбаның Қазақстан Республикасының «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңында белгіленген талаптарға сәйкестігін растау үшін куәландырушы орталық беретін электрондық құжат;
- 17) ашық (криптографиялық) кілт сертификаты (әрі қарай – сертификат) – жазылушының қосымша ақпаратпен бірге осы кілтті және жазылушыны сәйкестендіруші ашық криптографиялық кілті, олардың түпнұсқалығы мен өзара байланысы Куәландырушы орталықтың жабық криптографиялық кілтімен қалыптастырылған электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған⁶;
- 18) кері қайтарылып алынған тіркеу куәліктерінің тізімі (КТКТ) – қолданылуы тоқтатылған тіркеу куәліктері туралы мәліметтер, олардың сериялық нөмірлері, кері қайтарып алу күні мен себебі берілген тіркеу куәліктері тіркелімінің бөлігі;
- 19) ақпаратты криптографиялық қорғау құралы (немесе АКҚК) – кілттерді криптографиялық түрлендіру, генерациялану, қалыптастыру, тарату немесе басқару алгоритмдерін іске асырушы құрал;
- 20) электрондық цифрлық қолтаңба құралдары – электрондық цифрлық қолтаңбаны жасау және оның түпнұсқалылығын тексеру үшін пайдаланылатын бағдарламалық және техникалық құралдар жиынтығы⁷;
- 21) токен – Ережелер мәнмәтінінде уәкілетті тұлғаға Куәландырушы орталықтың жабық криптографиялық кілттерінің резервтік көшірмелерін қорғаулы сақтауды және аппараттық криптографиялық модульдерін (Hardware Security Module, HSM) баптау мақсатында берілетін физикалық құрылғы;
- 22) ашық кілттер инфрақұрылымдарының қатысушылары – өздерінің уәкілетті өкілдері тұлғасында әрекет ететін жеке және заңды тұлғалар жиынтығы, ол уәкілетті тұлғалар келес рольдердің кез келгенін орындайды: тіркеу куәлігін пайдаланушының немесе оның иесінің (сенім білдіруші тарапың немесе жазылушының), тіркеу немесе куәландырушы орталықтың, – ашық кілттердің бір инфрақұрылымында;
- 23) тіркеу куәліктері тізбесі – тіркеу куәлігінен басталатын тіркеу куәліктерінің тәртіпке келтірілген реті, ондағы электрондық цифрлық қолтаңба сенім жүктелген негізгі тіркеу куәлігінің көмегімен тексерілуі мүмкін, оны стандартталған алгоритмнің көмегімен сәтті өңдеу ашық криптографиялық

⁶ “Сертификат” түсінігі ITU-T X.509 “Information technology – Open Systems Interconnection – The Directory: Public-key and attribute certificate frameworks” (Ақпараттық технология - Ашық жүйелердің өзара әрекеттесуі - Анықтамалық: ашық кілттер (криптографиялық) мен атрибуттар сертификаттарының құрылымы) халықаралық стандартына сәйкес енгізілген. Куәландырушы орталық Қазақстан Республикасының «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңына сәйкес шығаратын тіркеу куәліктері шығарылатын сертификаттардың бір түрі болып табылады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде «ашық (криптографиялық) кілт сертификаты» терминіне тең терминдер пайдаланылмайды. Осыған байланысты Ережелердің бүкіл мәтінінде Қазақстан Республикасының «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңында енгізілген «тіркеу куәліктері» термині Банкінің Куәландырушы орталығы шығаратын ашық (криптографиялық) кілттер сертификаттарының барлық ықтимал түрлерін жинақтайды, демек оны «өзге мақсаттағы ашық (криптографиялық) кілттердің тіркеу куәліктері және (немесе) сертификаттары» ретінде ашу қажет;

⁷ Электрондық цифрлық қолтаңба құралдары ақпаратты криптографиялық қорғайтын құралдардың бір түрі болып табылады.

кілттің реттіліктің қорытынды тіркеу куәлігінде, «subject» жолында көрсетілген тұлғаға тиесілігін растауға жол ашады;

- 24) электрондық цифрлық қолтаңба (немесе ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың шынайылығын, оның тиесілілігі мен мазмұнының өзгермейтінін растайтын электрондық цифрлық символдар жиыны;
- 25) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда берілген және ЭЦҚ арқылы куәландырылған құжат.

2 бөлім. ҚОЙМА ЖӘНЕ ОНДАҒЫ ДЕРЕКТЕРДІ ЖАРИЯЛАҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

2.1 параграф. ҚОЙМА

34. Куәландырушы орталықтың қызметі Куәландырушы орталық шығарған тіркеу куәліктері тізілімінің өзекті деректерін және олардың мәртебесі туралы ақпаратты жедел қолжетімділікте үздіксіз орналастыруды қажет етеді.
35. Осыған байланысты Куәландырушы орталықтың ақпараттық жүйесінің құрамдас бөлігі қойма болып табылады, оны Куәландырушы орталық өзінің негізгі сервисін ұсыну кезінде ақпараттың анықтамалығы ретінде пайдаланады.
36. Куәландырушы орталық Банкінің қызмет көрсетілетін ақпараттық жүйелеріне және оларды пайдаланушыларға Тіркеу куәліктері саясатының 2.4-параграфында мазмұндалған талаптарға сәйкес қоймадан ақпаратты оқуға қол жетімділік беруге мүмкіндігі бар.
37. Бұдан өзге, Куәландырушы орталық интернет желісіндегі Банкінің ресми ақпараттық ресурсында тарау жүргізеді, онда өзінің тіркеу куәліктері мен кері қайтарып алынған тіркеу куәліктерінің тізімдеріне қол жеткізу үшін сілтемелер, сонымен бірге нормативтік құжаттардың қажетті минимумы мен өз сервистері туралы және басқа деректердің жарияланады (Тіркеу куәліктері саясаты мен Куәландырушы орталық қызметінің ережелерімен қоса).

2.2. параграф. ҚОЙМАДА ТІРКЕУ КУӘЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯЛАУ

38. Куәландырушы орталық қоймасымен ақпараттық өзара әрекеттің негізгі хаттамасы RFC 2251 (Lightweight Directory Access Protocol v.3, 3 версия) кеңестерінде анықталған версиядағы каталогтар қызметіне қол жеткізетін жеңілдетілген хаттама болып табылады.
39. Бұл хаттама Куәландырушы орталық қоймасында онлайн режиміде тіркеу куәліктерінің болуы туралы сұраныстармен жұмыс істеуге және оның ішіндегіні алуға мүмкіндік береді.
40. Осы талаптардан ішінен кез келген өзгешеліктер, олар туындаған жағдайда, Куәландырушы орталық қызметінің ережелеріне енгізілуі және тіркеу куәліктерінің иелері мен пайдаланушылары үшін (жазылушылар мен сенім білдіруші тараптардың) еркін қол жеткізе алатындай болып жариялануы тиіс.

2.3. параграф. ҚОЙМАДАҒЫ ДЕРЕКТЕРДІ АКТУАЛДАНДЫРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ

41. Куәландырушы орталық әр жаңадан шығарылған тіркеу куәлігін қоймада жариялайды.
42. Тіркеу куәлігін кері қайтарып алған жағдайда Куәландырушы орталық қызметі ережелерінің 2.3 параграфында анықталған тәртіпте Куәландырушы орталық оны қоймадан алып тастайды.

-
43. Кез келген тіркеу куәлігін кері қайтарып алған жағдайда Куәландырушы орталық кері қайтарылып алынған куәліктердің жаңартылған тізімін қалыптастырады және оны қоймада жариялайды.
 44. Кері қайтарып алынған тіркеу куәліктері тіркеу куәлігін қолдан мерзімінің аяқталу фактісі бойынша кері қайтарып алынған тіркеу куәліктерінің тізімдерінен алынып тасталады.
 45. Кері қайтарып алу оқиғасы болмаған жағдайда кері қайтарылып алынған тіркеу куәліктерінің жаңа тізімі қалыптастырылады және тұрақты түрде шығарылып отырады.

2.4. параграф. ҚОЙМАҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІ БАҚЫЛАУ

46. Куәландырушы орталықтың қоймасынан деректерді оқу үшін қолжетімділік мүдделі ақпараттық жүйелерге беріледі, олар үшін тіркеу куәліктері қосымша шектеулерсіз, өтінімдер бойынша шығарылған. Бұл ретте пайдаланушылардың оқуға қол жеткізу деңгейін қосылған ақпараттық жүйелер өз бетінше анықтайды, Куәландырушы орталық тарапынан ол құқықтар бойынша әр құқық үшін өзге болып ажыратылмайды және қосылған ақпараттық жүйенің кез келген пайдаланушысы үшін тең болады.
47. Деректерді қоймаға қосуға, қоймадағы деректерді өзгертуге немесе деректерді қоймадан алып тастауға (жоюға) қол жетімділікке Куәландырушы орталық ондай әрекеттерді жасауға құқығы жоқ тұлғаларға тыйым салады.
48. Кибершабуылдар жасалған жағдайда, сервистерді ұсынудағы жаңылыстың өзге қатерлері немесе оларға негізделген күмәндар болған жағдайларда Куәландырушы орталық қоймадан деректерді оқу үшін қолжетімділіктің уақытша шектеулерін қолдану құқығын белсенді қарсы іс-қимыл шаралары ретінде өзіне сақтап қалады.
49. Қоймаға қол жеткізуді шектеу және бақылау Банкінің Апараттық қауіпсіздік саясатына сәйкес⁸ қолданылады (әрі қарай – Апараттық қауіпсіздік саясаты).

3 бөлім. СӘЙКЕСТЕНДІРУ ЖӘНЕ АУТЕНТИФИКАЦИЯ

3.1. параграф. АТТАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

50. Куәландырушы орталық барлық шығарылатын тіркеу куәліктерінде иелерді (жазылушыларды) бірдей сәйкестендіруді қамтамасыз етуге бағытталған субъектілерді атау ережелерін пайдаланады.
51. Сәйкестендірудің бірдейлігіне бірыңғай республикалық тізілімдегі (ЖСН және БСН) сәйкестендіру нөмірін максималды мүмкіндікпен қолдану есебінен қол жетеді.
52. Жеке ЖСН жоқ болған жағдайда оның орнына төлқұжат немесе оның басқа деректемелері қолданылады, егер төлқұжаты жоқ болса – оны алмастыратын құжат қолданылады.
53. Заңды тұлғада БСН жоқ болған жағдайда оның орнына ҚҚС (VAT) төлеушіні тіркеу туралы құжаттың нөмірі мен деректемелері қолданылады.
54. Куәландырушы орталық қызметінің ережелері белгілеген шекте атының құрамына сәйкестендіру нөмірінен өзге тегін, атын, әкесінің атын, сауда маркасын, ақпараттық жүйе атауын, ұйымдастыру-құқықтық нысанының аббревиатурасын, ұйым атауын және басқа жалпы қабылданған және адамның қабылдауына түсінікті аттар мен атауларды енгізуге жол беріледі.
55. Тіркеу куәліктері иелерінің (жазылушылардың) анонимділігіне жол берілмейді.
56. Тіркеу куәліктері иелерінің (жазылушылардың) жалпыға мәлім атының орнына лақап атын пайдалануына жол берілмейді.

⁸ Ақпараттық қауіпсіздік саясатының мәтіні келесі адрес бойынша Интернет желісіндегі Банкінің ресми ресурсында үнемі қолжетімді: https://alfabank.kz/uploads/up_docs/about_docs/10/ru/gNP54exu53BtRVTKYZ4KnaifYg3EMqSg.pdf.

-
57. Тіркеу куәліктерін шығаруға өтініш берушілер өздерінің өтініштері мен электрондық өтінімдерінде олардың заңды құқық иеленушілерінің құқықтарын бұзатын аттарды пайдаланбауы тиіс. Куәландырушы орталық өтініште көрсетілген атқа өтініш берушінің құқықтық иелігінің барының тексерілуі үшін жауап бермейді, және домендік, сауда және соған ұқсас атаулар мен маркаларға меншігіне байланысты даулар мен талқылауларға түспейді.
 58. Куәландырушы орталық тіркеу куәлігін шығару туралы өтінімді қабылдамау немесе оны қарауды тоқтата тұру құқығына ие, егер оған мұндай дау немесе талқыға салу фактісі туралы белгілі болса.
 59. Куәландырушы орталық шығарған барлық тіркеу куәлігіндегі “Issuer” және “Subject” жолдарының құрылымы мен мазмұны Куәландырушы орталық қызметінің ережесінің 3.1 параграфына сәйкес анықталады.
 60. Бірдей сәйкестендіруді құқықтық талап ету нәтижесінде тіркеу куәліктерінің барлық иелерінің (жазылушылардың) “Subject” жолындағы аттары бірегей болып табылады. Сонымен қатар, “Subject” жолында бір стпен екі және немесе одан артық тіркеу куәлігін шығаруға және пайдалануға рұқсат етіледі, егер тиісті криптографиялық кілттерді бір жеке тұлға немесе заңды тұлға өкілі иеленетін болса және пайдаланатын болса.

3.2 параграф. БІРДЕЙЛІКТІ БАСТАПҚЫ ТЕКСЕРУ

61. Бірдейлікті бастапқы тексеру – бұл халықаралық салалық кеңестерге сәйкес бірінші тіркеу куәлігін шығару кезінде жазылушыға қатысты жүргізілетін сәйкестендіру және аутентификациялау процедураларының барынша толық нысаны.
62. Пайдаланылу үшін жазылушылардың тіркеу куәліктері шығарылатын нақты ақпараттық жүйеге байланысты бірдейлікті бастапқы тексеру екі тәсілдің бірімен іске асырылады:
 - 1) өтініш беруші орталыққа өзі келгенде, немесе
 - 2) қашықтықтан (өтініш берушінің орталыққа өзі келмей-ақ), сол үшін тіркеу куәлігін шығару немесе кері қайтарып алу сұралған Банкінің ақпараттық жүйесінің құралдарымен.
63. Бірдейлікті бастапқы тексеру процедураларының мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды алдыңғы тармақта аталған екі жағдай үшін Куәландырушы орталықтың қызметі ережелерінің 3.2-параграфы анықтайды.
64. Сонымен қатар, тіркеу куәлігінің иесін сәйкестендіруді талап ететін кез келген келесі процедура (қолданыстағы куәлікті кері қайтарып алу немесе жаңа тіркеу куәлігін шығару) Куәландырушы орталықтың қызметі ережелерінің 3.2-параграфының талаптарына сәйкес бірдейлікті бастапқы тексерудің толық нысаны бойынша жүргізіледі.

4 бөлім. ТІРКЕУ КУӘЛІКТЕРІНІҢ ӨМІРЛІК ЦИКЛДЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР

4.1 параграф. ТІРКЕУ КУӘЛІКТЕРІН ШЫҒАРУҒА ӨТІНІШ

65. Куәландырушы орталықтың жазылушысының тіркеу куәлігін шығаруға өтініші тіркеу орталығына өтініш берушінің өзі келген жағдайда ғана ресімделеді.
66. Бұл жағдайда тіркеу куәлігін шығаруға өтініш тек қағаз тасымалдағыштағы құжат нысанында ресімделеді.
67. Өтініш беруші тіркеу куәлігін шығаруға қашықтықтан өтініш берген жағдайда қағаз тасымалдағыштағы құжаттың орнына тіркеу куәлігін шығару сұратылып отырған Банкінің ақпараттық жүйесінде уәкілетті мемлекеттік органдардың құқықтық

актілерінің талаптарында белгіленген, өтініш берушінің деректері мен міндеттемелерінің толық жиынтығы берілген өтініш берушінің электрондық өтінімі сақталады⁹.

68. Екі жағдайда да тіркеу куәлігін шығаруға арналған өтініште немесе электрондық өтінімде тіркеу куәліктерінің саясатына және Куәландырушы орталық қызметінің ережелері сілтеме көрсетіледі.
69. Екі жағдайда да тіркеу куәлігін шығаруға арналған өтініште немесе электрондық өтінім өтініш берушінің тіркеу куәліктерінің иесі мен пайдаланушысына (жазылушы мен сенім білдіруші тарапқа) қатысты бөлігінде Тіркеу куәліктері саясатының және Куәландырушы орталық қызметі ережелерінің принциптерін сақтау және талаптарын орындау бойынша міндеттемесі болып табылады.
70. Куәландырушы орталыққа қажетті тіркеу куәлігі иесінің және пайдаланушының міндеттемелері (тіркеу куәлігі иесінің және пайдаланушының өтініштері мен кепілдіктері) Тіркеу куәліктері саясатының 9.6-параграфында мазмұндалған.
71. Өтініш беруші тіркеу куәлігін шығаруға Куәландырушы орталықтың қызметі ережелерінің 4.2 параграфында белгіленген тәртіпте қашықтықтан жүгінген жағдайда, куәландырушы орталық тіркеу куәліктерін шығаруға арналған өтініштерді және Реттегіштің құқықтық актісінде белгіленген ілеспе құжаттарды ресімдеместен және тапсырмастан шығарады.

4.2 параграф. ТІРКЕУ КУӘЛІКТЕРІН ШЫҒАРУҒА ӨТІНІШТЕРДІ ӨНДЕУ

72. Тіркеу куәлігін шығаруға өтінішті тіркеу (электрондық өтінімді сақтай отырып) алдында өтініш берушіні сәйкестендіру және аутентификациялау жүргізіледі.
73. Егер өтініш беруші өтінішті белгіленген мерзімде бергенде сәйкестендіру және аутентификациялау рәсімінен сәтті өтпесе, яғни тіркеу куәлігін шығаруға берілген өтініште көрсетілген ақпараттың дұрыстығы туралы құжаттамалық дәлелдемелер тапсырмаған болса мұндай өтініш тіркелмейді.
74. Тіркеу куәлігін шығаруға электрондық өтінімді онлайн режимінде берген жағдайда сәйкестендіру мен аутентификациялаудың сәтсіз әрекеттері электрондық өтінім беруге әрекет жасалған онлайн-сервис арқылы Банкінің ақпараттық жүйесінің бақылау хаттамаларында сақталуға жатады.
75. Тіркелген өтініш Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба¹⁰ сұрақтары бойынша заңнамалық актілерінде белгіленген және Куәландырушы орталықтың қызметі ережелерінің 4.2-параграфында аталған жағдайларда қабылданбайды (электрондық өтінім сақталмайды).
76. Тіркеу куәлігін шығаруға өтініштерді (электрондық өтінімдерді) қарау және өндеу мерзімі Куәландырушы орталықтың қызметі ережелерінің 4.2-параграфында белгілінген.

⁹ Ереже бекітілген күні қолданыста болды:

1) Қазақстан Республикасы Инвестициялар мен даму министрлігінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы 1231 «Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығын, мемлекеттік органдардың куәландырушы орталығын, Қазақстан Республикасының ұлттық куәландырушы орталығын және Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапын қоспағанда, куәландырушы орталықтың тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтін тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы (әрі қарай – Реттегіштің құқықтық актісі);

2) «Куәландырушы орталықта электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттерін жасау, пайдалану және сақтау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің 2020 жылғы 27 қазандағы №405/НҚ бұйрығы (әрі қарай – Бұлтты ЭЦҚ ережелері).

¹⁰ Қазақстан Республикасының «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңы, 14-1 бап.

4.3 параграф. ТІРКЕУ КУӘЛІКТЕРІН ШЫҒАРУ

77. Куәландырушы орталық жазылушысына кез келген тіркеу куәлігін шығару алдында келесі кезеңдерден өтеді:
- 1) жазылушының жеке басын сәйкестендіру, сондай-ақ, егер талап етілсе, Реттегіштің құқықтық актісіне сәйкес оның заңды тұлға атынан өкілеттігін тексеру;
 - 2) жазылушының тіркеу орталығында, немесе жазылушы қашықтықтан жүгінген жағдайда тікелей Куәландырушы орталықта кілт жұбын қорғалған генерациялауы;
 - 3) өтініш беруші тіркеу орталығына өзі келген жағдайда, тіркеу орталығынан Куәландырушы орталыққа жазылушының ашық криптографиялық кілтін қорғалған түрде жеткізу;
 - 4) Куәландырушы орталықтың өтініш беруші тіркеу орталығына өзі келген жағдайда Куәландырушы орталықтың тіркеуіне жататын ашық криптографиялық кілтке сәйкес келетін жабық криптографиялық кілтті жазылушының иелену фактісін тексеруі.
78. Куәландырушы орталық тіркеу куәлігін шығарғанда сәйкестендіру және аутентификациялау рәсімдері барысында тіркеу орталығы табысты тексерген өтініштен алынған ақпаратқа, немесе Куәландырушы орталық қызметі ережелерінің 3.2 параграфына сәйкес бірдейлігін қашықтықтан бастапқы тексеру нәтижелеріне негізделеді.
79. Куәландырушы орталық шығарған кез келген тіркеу куәлігін қоймада автоматты түрде жарияланады.

4.4 параграф. ТІРКЕУ КУӘЛІКТЕРІН ҚАБЫЛДАУ

80. Тіркеу куәлігі шығарылған күннен бастап 14 күнтізбе күні ішінде барлық жазылушыларға Куәландырушы орталыққа осы тіркеу куәлігінің болуы ниетінен бас тарту туралы немесе оның мазмұнына келіспеу туралы мәлімдеу құқығы беріледі, егер тіркеу куәлігі шығарылған сәттен бастап бас тарту туралы өтініш бергенге дейін тиісті жабық криптографиялық кілтті жазылушы пайдаланбаған болса.
81. Көрсетілген құқықты жүзеге асыру үшін өтініш берушінің тіркеу орталығына тіркеу куәлігін кері қайтарып алу туралы жазбаша өтінішпен (қағаз тасымалдағышта) жүгінуі қажет.
82. Егер жазылушы көрсетілген құқығын пайдаланбаса, онда жазылушы тіркеу куәлігін қабылдады деп автоматты түрде саналады.
83. Егер жазылушы тіркеу куәлігін шығарғаннан кейін Куәландырушы орталық берген 14 күн ішінде тіркеу орталығына осы тіркеу куәлігінің болуы ниетінен бас тартатыны немесе оның мазмұнына келіспейтіні туралы мәлімдемеген болса, немесе тиісті жабық кілтті пайдалана бастаса, онда жабық кілтті бірінші пайдаланған сәттен бастап жазылушы тіркеу куәлігін қабылдады деп автоматты түрде саналады.

4.5 параграф. ТІРКЕУ КУӘЛІКТЕРІН ЖӘНЕ ОЛАРҒА СӘЙКЕСЕТІН ЖАБЫҚ КРИПТОГРАФИЯЛЫҚ КІЛТТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

84. Куәландырушы орталық шығарған тіркеу куәліктеріне сенімге негізделе отырып, кез келген актіні орындамас бұрын сенім білдіруші тарап әр тиісті электрондық құжатты, атап айтқанда онда бар әр ЭЦҚ-ны, сонымен қатар онымен байланысты тіркеу куәліктерін, уақытты белгілеуді, ОСРП түбіртегін (қызмет жауабын) немесе кері қайтарылып алынған тіркеу куәліктері тізімін өз бетінше тексереді.
85. ЭЦҚ-ны тексеру үшін Сенім білдіруші тарап:

-
- 1) ЭЦҚ қалыптастырылған субъектінің анықтауға мүмкіндік беретін тіркеу куәліктерінің тізбегін анықтайды және тексереді. Тіркеу куәліктерінің тізбегін тексеру барысында RFC 3280 “Internet X.509 Public Key Infrastructure Certificate and Certificate Revocation List (CRL) Profile” (X.509 форматындағы ашық кілттер интернет инфрақұрылымының сертификаттарының және кері қайтарылып алынған сертификаттардың тізімінің профилі) кеңестерінде мазмұндалған алгоритм пайдаланылады
 - 2) әр тіркеу куәлігін тексеру барысында тізбектер “keyUsage” және “extendedKeyUsage” кеңейтілімдері мазмұнының пайдалану мақсатына сәйкесетінін қосымша бақылайды.
 - 3) қол қойған тұлғада электрондық құжатқа қол қою үшін жеткілікті уәкілеттіктердің болуын өз бетінше тексереді. Куәландырушы орталықтың ақпараттық жүйесі жазылушының уәкілеттіктерін бақылау сервистерін ұсынбайды.
86. Егер тексерудің кез келген қадамы теріс нәтиже берсе немесе оны орындау мүмкін болмаса, онда сенім білдіруші тарап ЭЦҚ жарамсыз деп санайды және электрондық құжатты қабылдамайды.
 87. Егер электрондық құжатта куәландырушы орталық қалыптастырған уақытты белгілеу бар болса, онда уақыт белгілеуге сенімді талап ететін әрекеттерді орындау үшін сенім білдіруші тарап та электрондық құжаттағы ЭЦҚ тексеруге ұқсас тәртіпте осы уақытты белгілеуді тексереді.
 88. Егер тізбектегі тіркеу куәліктерінің кез келгені ЭЦҚ-ны тексеру сәтінде «кері қайтарып алынды» мәртебесіне ие болса, тек сенім білдіруші тарап тізбектегі тіркеу куәліктерінің бірі кері қайтарылып алынғанға дейін жазылушы қалыптастырған электрондық құжатқа сенімінің ақталатынын немесе оған сенуге болмайтынын шешу тәуекелін өз мойнына алады. Куәландырушы орталық мұндай жағдайларда тіркеу куәліктерін пайдаланушылар (сенім білдіруші тараптар) алдында жауап бермейді, себебі тіркеу куәлігін кері қайтарып алуға өтініш беру тіркеу куәлігінің нақты иесінің (жазылушының) міндеті болып табылады.
 89. Егер жағдай электрондық құжат авторлары тарапынан қосымша кепілдіктердің қажеттілігін көрсетсе, онда тіркеу куәлігін пайдаланушы (сенім білдіруші тарап) тіркеу куәліктерінің иелерінен (жазылушылардан) тіркеу куәлігіне сенімді талап ететін іс-қимылдарды орындағанға дейін және Куәландырушы орталыққа жүгінбей-ақ осындай қосымша кепілдіктерді өз бетінше алады.
 90. Егер тіркеу куәлігін пайдаланушы (сенім білдіруші тарап) Куәландырушы орталық шығарған тіркеу куәлігіне білдіретін сеніміне негізделген кез келген актіні орындай отырып, Тіркеу куәліктері саясатының 4.5 параграфының жоғарыда аталған талаптарын орындамаған болса, онда Куәландырушы орталық сенім білдіруші тараптың алдында осындай актінің салдары үшін жауап бермейді.
 91. Жабық криптографиялық кілтті тіркеу куәлігінің иесі (жазылушы) Тіркеу куәліктері саясатының 4.1-параграфына сәйкес жазылушының және сенім білдіруші Тараптың міндеттерін орындау міндеттемесін қабылдағаннан кейін ғана пайдаланады, Куәландырушы орталық тиісті ашық кілттің тіркеу куәлігін шығарды және иесі осы тіркеу куәлігін қабылдады.
 92. Жабық криптографиялық кілтті жазылушы тек заңнамаға, шарттық міндеттемелерге, Тіркеу куәліктерінің саясатына және Куәландырушы орталық қызметінің ережелеріне сәйкес пайдаланады.
 93. Жабық криптографиялық кілтті пайдалану тиісті тіркеу куәлігіндегі “keyUsage” және “extendedKeyUsage” кеңейтілімдерінің мазмұнына сәйкесуі тиіс.

-
94. Тіркеу куәліктерінің иелері (Куәландырушы орталықтың жазылушылары) өздерінің жабық криптографиялық кілттерін рұқсатсыз қол жеткізуден қорғайды және тиісті тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі өткеннен кейін немесе ол қайтарылып алынғаннан кейін оларды пайдалануды тоқтатады.

4.6 параграф. ТІРКЕУ КУӘЛІКТЕРІНДЕГІ ҚОЛДАНУ МЕРЗІМІН ЖАҢАЛАУ

95. Тіркеу куәліктеріндегі қолдану мерзімін жаңарту бойынша қызметті Куәландырушы орталық көрсетпейді.
96. Банкінің криптографиялық кілттердің болуын талап ететін ақпараттық жүйесінің сервистерін әрі қарай пайдалану қажет болған жағдайда, жазылушы Куәландырушы орталықтың қызметі ережелерінің 4.1, 4.2 және 4.3 параграфтарында анықталған тәртіпте тіркеу куәліктерін шығару процедурасын қайтадан өтеді.

4.7 параграф. ТІРКЕУ КУӘЛІКТЕРІНДЕГІ КРИПТОГРАФИЯЛЫҚ КІЛТТЕРДІ АУЫСТЫРУ

97. Тіркеу куәліктеріндегі кілттерді ауыстыру бойынша қызметті Куәландырушы орталық көрсетпейді.
98. Криптографиялық кілттерді ауыстыру үшін жазылушы Куәландырушы орталықтың қызметі ережелерінің 4.1, 4.2 және 4.3 параграфтарында анықталған тәртіпте (жаңа) тіркеу куәліктерін шығару процедурасын қайтадан өтеді.

4.8 параграф. ТІРКЕУ КУӘЛІКТЕРІНДЕГІ ДЕРЕКТЕРДІ ӨЗГЕРТУ

99. Тіркеу куәліктеріндегі деректерді өзгерту бойынша қызметті Куәландырушы орталық көрсетпейді
100. Тіркеу куәліктеріндегі деректерді өзгерту үшін жазылушы Куәландырушы орталықтың қызметі ережелерінің 4.1, 4.2 және 4.3 параграфтарында анықталған тәртіпте (жаңа) тіркеу куәліктерін шығару процедурасын қайтадан өтуі тиіс.

4.9 параграф. ТІРКЕУ КУӘЛІКТЕРІН КЕРІ ҚАЙТАРЫП АЛУ

101. Куәландырушы орталық шығарған тіркеу куәліктерін Куәландырушы орталық кері қайтарып алады.
102. Кері қайтарып алу тіркеу куәлігі иесінің (жазылушының) немесе тіркеу орталығының қағаз тасымалдағыштағы құжаты немесе электрондық құжат түрінде ресімделген өтініші бойынша жүзеге асырылады
103. Тіркеу куәлігін кері қайтарып алу үшін негіздемелер Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба¹¹ сұрақтары бойынша заңнамалық актілерінде белгіленген және Куәландырушы орталықтың қызметі ережелерінің 4.9 параграфында көрсетілген.
104. Тіркеу куәлігін кері қайтарып алуға өтініш жоғарыда көрсетілген негіздер анықталған сәттен бастап дереу беріледі.
105. Тіркеу куәлігін кері қайтарып алар алдында тіркеу орталығы және/немесе Куәландырушы орталық бастамашының кері қайтарып алуды сұрату өкілеттігін, өтініш берушінің сәйкестендіруімен қоса тексереді. Бұл ретте Тіркеу куәліктері саясатының 3.2 параграфында көрсетілген сәйкестендіру механизмі қолданылады.
106. Сенім білдіруші тарап өз іс-әрекеттерінде сүйенетін барлық тіркеу куәліктерінің мартебесін тексеруге міндеттенеді.

¹¹ Қазақстан Республикасының «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңы, 18 бап, 1 тармақ.

-
107. Егер сенім білдіруші тарап тіркеу куәліктерінің мәртебесін тексеру үшін OCSP хаттама қызметіне онлайн жүгінуді пайдаланбаса, онда ол үшін кері қайтарылған тіркеу куәліктерінің өзекті тізімін пайдалануы тиіс.
 108. Кері қайтарып алынған тіркеу куәліктерінің тізімдері оларда ашық кілттер инфрақұрылымының барлық қатысушыларының барлық қатысушыларының кері қайтарып алған тіркеу куәліктерін қамтитды деген мағынада біртұтас болып табылады: Куәландырушы орталықтың, тіркеу орталықтарының және жазылушылардың.
 109. Куәландырушы орталықтың кері қайтарып алынған тіркеу куәліктерінің тізімі тәулік бойы және үздіксіз қолжетімді, Куәландырушы орталықтың Қызмет көрсету деңгейі туралы келісімнің талаптарына сәйкес жоспарлы профилактикалық жұмыстар уақытынан өзге кезде.
 110. Кері қайтарып алынған тіркеу куәліктерінің тізімінен мерзімі өтіп кеткен тіркеу куәліктерін шығарып тастау Куәландырушы орталықтың ақпараттық жүйесінің тиісті баптауы анықтаған аралықтан сиретпей жүзеге асырылады.
 111. Кері қайтарып алынған тіркеу куәліктерінің жаңа тізімі ашық кілттер инфрақұрылымының кез келген қатысушысының кері қайтарып алу фактісі бойынша, немесе Куәландырушы орталықтың ақпараттық жүйесінің тиісті баптауы анықтаған кесте бойынша қалыптастырылады және жарияланады, егер белгілінген мерзім ішінде бірде бір тіркеу куәлігі кері қайтарылып алынбаған болса.
 112. Кері қайтарып алынған тіркеу куәліктерінің жаңадан құрылған тізімі Куәландырушы орталықтың қоймасында қалыптастыру фактісі бойынша тез арада автоматты түрде жарияланады.
 113. Заңды тұлғалар жабық криптографиялық кілттерге қол жеткізе алатын қызметкер жұмыстан шыққан немесе оны басқа жұмыс учаскесіне ауыстылған жағдайда, ауыстырылатын қызметкердің жабық кілттеріне сәйкес келетін тіркеу куәліктерін кері қайтарып алуға өтінішті ауысатын күннен кешіктірмей ресімдейді. Қажет болған жағдайда басқа жауапты тұлғаға арналып тіркеу куәліктерін шығару үшін өтініш беріледі.
 114. Тіркеу куәліктерінің қолданылуын уақытша тоқтата тұру немесе қайта жаңғырту бойынша қызметтерді Куәландырушы орталық көрсетпейді.
 115. Тіркеу куәліктерінің иелері (Куәландырушы орталық жазылушысы) Куәландырушы орталықта қызмет көрсетуді тоқтату мүмкіндігіне ие:
 - 1) қызмет көрсетуді қарастыратын (барлық) қолданыстағы шартты (шарттарды) бұзу арқылы;
 - 2) қолданыстағы барлық тіркеу куәліктерін қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кері шақырту арқылы.
 116. Жазылушының барлық тіркеу куәліктерінің қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда Куәландырушы орталықта жазылушыға қызмет көрсету автоматты түрде тоқтатылады.
 117. Тіркеу куәлігі иесінің (жазылушының)¹² жабық кілтін депозиттеу бойынша қызметті Куәландырушы орталық көрсетпейді.
 118. Куәландырушы орталықтың жабық криптографиялық кілттері әшкере болған жағдайда Куәландырушы орталық бұл туралы Куәландырушы орталықтың

¹² Депозиттеу – Тіркеу куәліктерінің иелері саясаты мәнмәтінінде, – тиісті тіркеу куәлігі иесінің бастамасы бойынша жоғалып қалған жағдайда қалпына келтіру мақсатында Куәландырушы орталықта жабық криптографиялық кілттердің резервтік көшірмелерін уақытша сақтау. Тіркеу куәлігі иелерінің өзінің жабық криптографиялық кілттерін Бұлтты ЭЦҚ ережелеріне сәйкес Куәландырушы орталықтың ашық кілттер инфрақұрылымында тұрақты сақтауы және пайдалануы «депозиттеу» түсінігіне жатпайды

сервистерін пайдаланатын Банкінің барлық ақпараттық жүйелерінің иелеріне хабарлайды.

5 бөлім. ФИЗИКАЛЫҚ, ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚАРУШЫ БАҚЫЛАУЛАР

5.1 параграф. ФИЗИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ

119. Куәландырушы орталықты физикалық бақылаудың егжей-тегжейлі шаралары Банкінің ішкі құжаттарында анықталған және бекітілген және олар Тіркеу куәліктері саясатында ашылмайды. Осы бөлімде аталған шараларға жалпы шолу келтірілген.
120. Куәландырушы орталықтың Ақпараттық жүйесі төтенше оқиға болған жағдайда резервтеу және жұмыс істеуін қалпына келтіру мақсатында әртүрлі объектілерде орналасқан деректерді өңдейтін екі орталықпен (негізгі және резервтік) қамтамасыз етілген.
121. Куәландырушы орталықтың құра-жабдықтарын деректерді өңдейтін негізгі және резервтік орталықтарда орналастыру шарттары Қазақстан Республикасында қолданылатын техникалық құралдардың үздіксіз жұмыс істеу жүйелеріне және ақпараттық қауіпсіздікке қойылатын талаптарды есепке ала отырып таңдалды¹³.
122. Куәландырушы орталықтың криптографиялық кілттерімен жасалатын операциялар тек физикалық қорғалған объектілерде, құпия ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізудің, пайдаланудың немесе ашудың кез келген әрекеттері қиындатылған және белгіленетін жағдайларда жүргізіледі. Куәландырушы орталықтың қалған функциялары мен жұмыстарын Ақпараттық қауіпсіздік саясатының және ақпараттық қауіпсіздік сұрақтары бойынша Банкінің өзге ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтай отырып, қашықтықтан орындауға жол беріледі.
123. Тіркеу орталықтарының қызметі тек физикалық қорғалған объектілерде, рұқсат етілмеген қол жеткізу, құпия ақпаратты пайдаланудың немесе ашудың кез келген әрекеттері қиындатылған және белгіленетін жағдайларда жүргізіледі.
124. Банкідегі өткізу және объектішілік режим шараларын жүзеге асырушы бөлімшелер жоспарлы негізде Банкінің ішкі құжаттарына сәйкес ішкі аудит қызметінің бақылауына жатады¹⁴.

5.2 параграф. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ

125. Куәландырушы орталықтың қызмет көрсету деңгейіне Банкінің мүдделі ақпараттық жүйелері тарапынан қойылатын талаптар құрайды:
 - 1) 24/7/365 режимінде сервистерге қол жетімділік – 99,5%, яғни жоспарлы жұмыстарды ескермегенде, жылына 1 тәулік 19 сағат және 50 минут тұрып қалудан артық емес;
 - 2) әр типті сұраныстарды өңдеу жылдамдығы – минутына 8 сұраныстан кем емес;
 - 3) жедел қол жетімділікте 4 млн. кем емес тіркеу куәлігіне қызмет көрсету.
126. Куәландырушы орталықтың құрал-жабдығына физикалық және логикалық қол жеткізу процедураларға бөлінген.
127. Аппараттық криптографиялық модульдерді (Hardware Security Module, HSM) және олардың негізгі материалдарын баптау және оларға қызмет көрсету процедураларына физикалық қол жеткізу үшін Банкінің кем дегенде екі уәкілетті қызметкері қатысуы қажет.

¹³ Тіркеу куәліктері саясаты бекітілген күні Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы №832 қаулысымен бекітілген Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптар қолданыста болды.

¹⁴ Ережелер бекітілген күні Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 2 маусымдағы №10 хаттамалық шешімімен бекітілген «Ішкі аудит саясаты» қолданыста болды.

128. Куәландырушы орталықтың ақпараттық жүйесіне берілген логикалық сұраныстарды өңдеу процедуралары сұраныс бастамашыларының уәкілеттіктерін бақылай отырып, қолданбалы бағдарламалық жасақтама деңгейінде автоматтандырылған.

5.3 параграф. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАҚЫЛАУ

129. Куәландырушы орталық және тіркеу орталақтары қызметкерлерін лауазымға тағайындағанда біліктілік талаптары қолданылады.
130. Куәландырушы орталықтың мамандары мен басшылары белгілі бір тақырыптар топтамасында оқытудан немесе сертификаттаудан өту жолымен өз біліктілігін арттырады¹⁵.
131. Куәландырушы орталық қызметкерлерінің қызмет бойынша ауысу жиілігі мен реттілігіне шектеулер қойылмайды, Куәландырушы орталықтағы лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарынан өзге.
132. Куәландырушы орталықтың барлық функциялары мен жұмыстары Банкінің штаттық қызметкерлерінің күшімен атқарылады. Куәландырушы орталықтың аппараттық және бағдарламалық жасақтасын жеткізу және техникалық қолдау шарттары аясында контрагенттер жұмылдыруға жол беріледі. Куәландырушы орталықтың функциялары мен жұмыстарын орындауға штаттан тыс қызметкерлерді жұмылдыру (еңбек шарттары емес, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар нысанында) қарастырылмаған.
133. Куәландырушы орталықтың және тіркеу орталықтарының әр қызметкері лауазымдық міндеттерін құзыретті атқару үшін олардың заңнаманың құқықтық актілері мен Банкінің ішкі құжаттарының мәтіндеріне қол жеткізуі қамтамасыз етіледі.

5.4 параграф. БАҚЫЛАУ ХАТТАМАЛАУЫНЫҢ ПРОЦЕДУРАЛАРЫ

134. Куәландырушы орталық сұраныстарды өңдеуді сұраныс бастамашысын тіркеу кіретін міндетті бақылау хаттамасымен жүзеге асырады.
135. Куәландырушы орталықта міндетті хаттамалауға келесі оқиғалар типтері жатады:
- 1) Куәландырушы орталықтың криптографиялық кілттерінің өмірлік циклі (кілттерді жасау және жою, резервтік көшірмелерді жасау, сақтау, қалпына келтіру және жою);
 - 2) тіркеу куәліктерінің өмірлік циклі (тіркеу куәліктерін шығаруға және мәртебесін өзгертуге сұраныстар алу, тіркеу куәліктерін генерациялау және мәртебесін өзгерту, кері қайтарылып алынған тіркеу куәліктерінің тізімдерін генерациялау және шығару);
 - 3) HSM аппараттық криптографиялық модульдерінің өмірлік циклі (алу, пайдалануға енгізу, пайдалану-техникалық құжаттамамен анықталған штаттық процедуралар, сервистік қызмет көрсету, жөндеу, пайдаланудан шығару, жою);
 - 4) тіркеу куәліктерін шығаруға және кері қайтарып алуға өтініштердің өмірлік циклі (сәйкестендіруді және аутентификацияны жүргізген лауазымды тұлғалардың деректері, өңдеу күні мен уақыты);

¹⁵ Тіркеу куәліктері саясаты бекітілген күні Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 21 қыркүйектегі №89 қаулысымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты адамдардың біліктілігін арттыру жөніндегі талаптарды қоса алғанда, ақпараттық қауіпсіздік бөлімшелерінің басшылары мен жұмыскерлерінің құзыретіне қойылатын талаптар қолданыста болды.

-
- 5) Банкінің Ақпараттық қауіпсіздік саясатына сәйкес хаттамалауға жататын өзге оқиғалар (Куәландырушы орталық ақпараттық жүйесінің компоненттерін әкімшілендіру сеанстары, ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары және т.б.);
136. Криптографиялық кілттер және оларды активтеу деректері бақылау хаттамаларына жазылуға жатпайды.

5.5 параграф. АРХИВ ЖҮРГІЗУ

137. Куәландырушы орталық архив жүргізеді:
- 1) барлық шығарылған тіркеу куәліктерінің, оның ішінде кері қайтарып алынған тіркеу куәліктерімен және қолданылу мерзімі өткен тіркеу куәліктерімен қоса;
 - 2) тіркеу куәліктерінің өмірлік циклі туралы ақпарат, тіркеу куәліктерін кері қайтарып алу туралы өтініштер мен кері қайтарылып алынған тіркеу куәліктерінің тізімдерімен қоса;
 - 3) ақпараттық жүйенің бақылау хаттамалары (Тіркеуі куәліктері саясатының 5.4 араграфына сәйкес).
138. Куәландырушы орталықтың архиві регламенттелген мерзімдерге және Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес тұрақты негізде жүргізіледі¹⁶.
139. Куәландырушы орталық қызметін тоқтату туралы шешім қабылданған жағдайда, архив деректері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім ішінде сақталуға жатады¹⁷.
140. Архивке қол жеткізу тек Куәландырушы орталық қызметкерлеріне беріледі.
141. Куәландырушы орталық архивін сыртқы резервтеу қарастырылмаған.

5.6 параграф. КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚТЫҢ КРИПТОГРАФИЯЛЫҚ КІЛТТЕРІН АУЫСТЫРУ

142. Куәландырушы орталықтың жаңа криптографиялық кілттері мерзімі аяқталған кілттерді ауыстыру үшін немесе жаңа сервистерді пайдалануға енгізуді қамтамасыз ету мақсатында қолданыстағы кілттерге қосымша ретінде жасалады.
143. Куәландырушы орталықтың криптографиялық кілттерін ауыстыру оларды қолдану мерзімі аяқталғанға дейін алдын ала жүзеге асырылады.
144. Тіркеу куәліктерін пайдаланушылардың (сенім білдіруші тараптардың) Куәландырушы орталықтың жаңа криптографиялық кілттерін пайдалануға көшуінің бірқалыптылығы Куәландырушы орталықтың жаңа кілттерінің тіркеу куәліктерін шығару және жазылушылардың Куәландырушы орталықтың жоспар бойынша ауыстырылуы тиіс кілттерімен жаңа тіркеу куәліктеріне қол қоюын тоқтату есебінен қамтамасыз етіледі. Бұл ретте Куәландырушы орталық кері қайтарып алынған тіркеу куәліктерінің тізімдеріне мерзімі аяқталуға жақын кілтпен оның көмегімен қол қойылған соңғы тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қол қоюды жалғастырады.

5.7 параграф. ТӨТЕНШЕ ОҚИҒАЛАР НЕМЕСЕ ӘШКЕРЕ БОЛУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕУДІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

145. Куәландырушы орталық сервистерінің жұмыс істеуінің үзілуіне әкеп соғатын төтенше және өзге оқиғалар жағдайына Жұмыс істеуді қалпына келтіру жоспары жасалған.
146. Куәландырушы орталықтың Жұмыс істеуді қалпына келтіру жоспарында қарастырылған:

¹⁶ Қазақстан Республикасының «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңы (16 бап) және басқа құқықтық актілер.

¹⁷ Қазақстан Республикасының «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңы (22 бап) және басқа құқықтық актілер.

-
- 1) қалыпқа келтіру үшін жұмыс қабілетті деректерді өңдеу орталығына ауысу;
 - 2) негізгі және резервтік деректерді өңдеу орталықтары базасында қалыпқа келтіру үшін алаң таңдау және резервтік көшірмелерден жұмысшы жазбаларды қапына келтіру.
147. Жұмыс істеуді қалпына келтірудің басымдығы Куәландырушы орталықтың тіркеу куәліктерінің мәртебесі туралы мәліметтерді жариялау, тіркеу куәліктерін шығару және кері қайтарып алу бойынша негізгі сервистерін жаңғырту болып табылады.
 148. Куәландырушы орталықтың деректерді өңдеу орталықтарындағы жабдығы бірнеше арнаны пайдалана отырып, желіге резервтелген қосылумен қамтамасыз етіледі.
 149. Куәландырушы орталықтың деректер базасындағы барлық өзгерістер деректерді өңдеу орталықтары арасында үнемі репликацияланады.
 150. Куәландырушы орталықтың жабық криптографиялық кілттерінің әшкере болуына негізделген күдіктер сыни деңгейдегі ақпараттық қауіпсіздік оқыс оқиғасы ретінде өңделеді.
 151. Куәландырушы орталықтың резервтік құрал-жабдығының, деректердің резервтік және архивтік көшірмелерінің әзірлігі Жұмыс істеуді қалпына келтіру жоспарында мазмұндалған жұмыс нұсқаулықтарын пайдалана отырып, жылында бір реттен сиретпей Куәландырушы орталықтың ақпараттық жүйесінің жұмысын негізгі және резервтік деректерді өңдеу орталықтары арасында ауыстырып қосу арқылы тексеріледі.

5.8 параграф. КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТОҚТАУЫ

152. Куәландырушы орталық жұмысын тоқтау туралы шешім қабылданған жағдайда Банк контрагенттерін, оның ішінде тіркеу куәліктерінің иелері мен пайдаланушыларымен (Куәландырушы орталықтың және сенім білдіруші тараптың жазылушыларымен) қоса, Куәландырушы орталықтың жазбаларын беру және архивтік сақтау Қазақстан Республикасының «Электрондық құжат және электрондық цифрлік қолтаңба туралы» Заңына (22 бап) сәйкес ұйымдастырылады.

6 бөлім. ҚАУІПСІЗДІКТІ ТЕХНИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ

6.1 параграф. КРИПТОГРАФИЯЛЫҚ КІЛТТЕРДІ ГЕНЕРАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ОРНАТУ

153. Криптографиялық кілттерді генерациялау тек ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарының көмегімен жүргізіледі, олардың криптографиялық тұрақтылығы Қазақстан Республикасында қолданылатын стандартқа (әрі қарай – Стандарт) сәйкестік сертификатымен расталады, ол сертификат ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына қойылатын жалпы техникалық талаптарды анықтайды¹⁸.
154. Куәландырушы орталықтың криптографиялық кілттерін генерациялауды тек осы мақсат үшін арнайы бөлінген және алдын ала оқытылған бірнеше қызметкер жүргізеді. Бұл ретте Стандартқа сәйкес қауіпсіздіктің екінші деңгейінен кем емес деңгейге сәйкесетін аппараттық криптографиялық модульдер (HSM) ғана пайдаланылады.
155. Тіркеу орталықтарында жазылушылардың жабық криптографиялық кілттері жария ету, өзгерту немесе рұқсатсыз пайдалану мүмкіндігіне жол брмейтін тікелей кілттік ақпараттың қорғалған тасымалдағышында генерацияланады. Осы тармақтың барлық жол берілетін ерекшеліктері, егер олар бар болса Куәландырушы орталықтың қызметі ережесінде көрсетілуі тиіс.
156. Өздерінің жабық криптографиялық кілттерін қорғалған түрде Куәландырушы орталықта сақтауды қалайтын барлық өтініш иелері үшін кілттерді генерациялау

¹⁸ Тіркеу куәліктері саясаты бекітілген күні Қазақстан Республикасының ҚР СТ 1073-2007 «Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдары. Жалпы техникалық талаптар» мемлекеттік стандарты қолданыста болды.

автоматты түрде (Куәландырушы орталық қызметкерінің тікелей қатысуын талап етпейді, жүйелік әкімшілендіруден, жұмыс қабілеттілігін бақылаудан және т. б. өзге) Стандартқа сәйкес қауіпсіздіктің үшінші деңгейінен кем емес деңгейге сәйкесетін жеке аппараттық криптографиялық модульде (HSM) жүргізіледі (Бұлтты ЭЦҚ ережелеріне сәйкес). Көрсетілген жеке модуль тек тіркеу куәліктері иелерінің жабық кілттерімен жұмыс істеуге (жасау, сақтау және пайдалану) арналған және Куәландырушы орталықтың басқа ешқандай технологиялық функцияларын (тіркеу куәліктерін шығару/кері қайтарып алу, кері қайтарып алынған тіркеу куәліктерінің тізімдерін шығару, OCSP сервисі, уақытты белгілеу сервисі және т. б) орындамайды.

157. Солар үшін Куәландырушы орталықта тіркелетін кілттер арналған криптографиялық алгоритмдер тізбесі Куәландырушы орталық қызметі ережелерінің 6.1 параграфында анықталған.

6.2. параграф ЖАБЫҚ КРИПТОГРАФИЯЛЫҚ КІЛТТЕРДІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ КРИПТОГРАФИЯЛЫҚ МОДУЛЬДЕРДІ ИНЖЕНЕРЛІК БАҚЫЛАУ

158. Куәландырушы орталықтың жабық криптографиялық кілттерін жария етуден, бұрмалаудан, ауыстырудан және рұқсатсыз пайдаланудан қорғаудың егжей-тегжейлі шаралары Банкінің ішкі құжаттарында анықталған және бекітілген және Тіркеу куәліктерінің саясатында ашылмайды. Осы параграфта аталған шараларға жалпы шолу келтірілген
159. Куәландырушы орталықтың жабық криптографиялық кілттерін жасау және сақтау үшін қауіпсіздіктің екінші деңгейінен төмен болмайтын Стандартқа сәйкестігі сертификатталған аппараттық криптографиялық модульдер (HSM) пайдаланылады.
160. Куәландырушы орталықтың жабық криптографиялық кілттері жасалған соң депозиттелмейді. Сонымен қатар, төтенше оқиғадан немесе жұмыстағы өзге жаңылыстан соң ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қалпына келтіру мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында Куәландырушы орталықтың әрбір жаңа жабық криптографиялық кілті генерациялағаннан кейін бірден Куәландырушы орталықтың ағымдағы сәтте қолданыста болған барлық жабық криптографиялық кілттерінің резервтік көшірмесі жасалады және сақталады.
161. Куәландырушы орталықтың жабық кілттерінің резервтік көшірмесі сақтау кезеңінде жария болудан, бұрмаланудан және ауыстырып жіберуден криптографиялық және ұйымдастыру шараларымен қорғалған.
162. Аппараттық криптографиялық модуль(дер)ден (HSM) шығарылған кезде Куәландырушы орталықтың жабық криптографиялық кілттерінің резервтік көшірмелерін шифрлеу бөліктерге бөлінген құпия нысанында активтеу деректерін жасау (пайдалану) арқылы іске асырылады, ол бөліктердің әрқайсысы жеке жауапты тұлғаға (құпияның бөлігін сақтаушыға) бекітіледі, ақпараттың қорғалған тасымалдағышына жазылады және дербес құпиясөбен қорғалады.
163. HSM ішінде активтелген Куәландырушы орталықтың криптографиялық кілттерімен жасалатын операцияларды орындау үшін екіден кем емес Банкінің уәкілетті қызметкерінің қатысуы талап етіледі.
164. Куәландырушы орталықтың осы мақсат үшін арнайы арналған HSM-де жасалған тіркеу куәліктері иелерінің жабық криптографиялық кілттері олар генерацияланған сәттен бастап жойылғанға дейін Бұлтты ЭЦҚ ережелерінің талаптарына сәйкес сақталады, өңделеді және пайдаланылады.
165. Жоғарыда аталған барлық HSM, олардың құрамдас бөлшектері мен тетіктері Банкіден шығаруға немесе кез келген өзге сапада қайта пайдалануға жатпайды.
166. Кілттік ақпараттың қорғалған тасымалдағыштарына орналастырылған өздерінің жабық криптографиялық кілттері мен оларды активтеу деректерін жария етуден,

бұрмалаудан, ауыстырудан және рұқсатсыз пайдаланудан қорғау шараларын генерациялаудан бастап, жоюға дейінгі бүкіл өмірлік циклі бойында тіркеу куәліктерінің иелері (Куәландырушы орталықтың жазылушылары) заңнаманың және Тіркеу куәліктері саясатының талаптарына сәйкес өз бетінше қабылдайды.

6.3 параграф. КРИПТОГРАФИЯЛЫҚ КІЛТТЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ ӨЗГЕ АСПЕКТІЛЕРІ

167. Куәландырушы орталық бір кездері шығарған тіркеу куәлігімен куәландырылған барлық ашық кілттер Тіркеу куәліктері саясатының 5.5 параграфына сәйкес осы тіркеу куәліктерінің құрамында архивтеуге жатады.
168. Куәландырушы орталықтың Тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі кемінде 10 жылдан кем емес мерзімді құрайды және ол шығарылған күн мен уақыттан бастап есептеледі.
169. Куәландырушы орталық қызмет көрсететін әрқилы ақпараттық жүйелердегі жазылушылардың тіркеу куәліктерінің қолданылу мерзімі 1, 2 немесе 3 жылды құрайды және ол Банкінің мүдделі ақпараттық жүйесінің нормативтік-техникалық құжаттамасында белгіленеді.
170. Куәландырушы орталық шығарған тіркеу куәліктерінің болуын талап ететін ақпараттық жүйелердегі үздіксіз жұмыс үшін Тіркеу куәліктерінің саясатына сәйкес жазылушыларға қолдану мерзімі аяқталған тіркеу куәліктерін ауыстыру үшін жаңа тіркеу куәліктерін шығаруды сұрау құқығы берілген.

6.4 параграф. АКТИВТЕУ ДЕРЕКТЕРІ

171. Куәландырушы орталықтың жазылушыларының жабық криптографиялық кілттері тікелей қорғалған негізгі ақпарат тасымалдағышта¹⁹ немесе Бұлтты ЭЦҚ ережелеріне сәйкес тек тіркеу куәліктері иелерінің жабық кілттерімен жұмыс істеуге (жасау, сақтау және пайдалану) арналған Куәландырушы орталықтың жеке аппараттық криптографиялық модулінде (HSM) пайдаланылады. Екі жағдайда да жабық криптографиялық кілттерді жария етуге, өзгертуге немесе рұқсатсыз пайдалануға мүмкіндік жоқтығына құрылғыны өндіруші кепілдік береді.
172. Өзінің жабық криптографиялық кілтін пайдалану үшін тіркеу куәлігінің иесіне (Куәландырушы орталықтың жазылушысына) құпиясөз нысанында активтеу деректерін жасауы және қолдануы қажет.

6.5 параграф. ЕСЕПТЕУ РЕСУРСТАРЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ

173. Есептеу ресурстары, бағдарламалық жасақтама және Куәландырушы орталықтың ақпараттық жүйесінің деректері Банкінің ақпараттық қауіпсіздік саясатына сәйкес рұқсатсыз қол жеткізуден қорғалады және Тіркеу куәліктерінің саясатында ашылмайды. Осы параграфта бұл шараларға жалпы шолу келтірілген.
174. Тіркеу куәліктеріне, кері қайтарылған тіркеу куәліктерінің тізімдеріне, OSCP қызметінің жауаптарына (түбіртектеріне) қол қоюға арналған серверлер рұқсатсыз қол жеткізуден қорғалады.
175. Сервердің операциялық жүйелері ұсынылған қорғаныс пакеттері мен жаңартуларды, оның ішінде вирусқа қарсы бағдарламаларды қолдану жолымен жоғары деңгейде сақталады.
176. Серверлерінде іске қосылған операциялық жүйелер қызметтерінің саны қажетті минимумға дейін жеткізілген.

¹⁹ Осы тармақтың барлық жол берілетін ерекшеліктері, егер олар бар болса Куәландырушы орталық қызметінің ережелерінде көрсетілуі тиіс.

-
177. Негізгі серверлерге кіруге тек тағайындалған әкімшілерге рұқсат етіледі, Куәландырушы орталықтың бағдарламалық қосымшаларының пайдаланушылары жүйелік немесе технологиялық есептік жазбаларға кіре алмайды.
 178. Ашық кілттер инфрақұрылымы қатысушыларына қызмет көрсету үшін пайдаланылатын желі сегменттері Банкінің қалған желісінен қисынды түрде бөлінген. Бұл бөліну белгілі бір қолданбалы бағдарламалық процестер арқылы қол жеткізуден басқа, пайдаланушылардың Куәландырушы орталықтың деректеріне кез келген желілік қол жеткізуіне жол бермейді. Куәландырушы орталықтың деректер базасына тікелей қол жеткізу ақпараттық жүйе әкімшілерінің минималды қажетті тобымен шектелген.
 179. Куәландырушы орталық желісінің сегменттерін сыртқы және ішкі араласудан қорғау үшін және желілік белсенділік мазмұны мен көздерін шектеу үшін желіаралық экрандар пайдаланылады.
 180. Куәландырушы орталық қызметінде Стандарт талаптарына сәйкестікке сертификатталған ақпаратты криптографиялық қорғау құралдары (АКҚК: HSM және бағдарламалық АКҚК) пайдаланылады.
 181. Өзге (криптографиялық емес) компоненттер мен бағдарламалық жасақтаманың ақпараттық қауіпсіздігін сертификаттау бойынша арнайы талаптар қойылмайды.

6.6 параграф. ДАМУДЫ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІКТІ БАСҚАРУДЫ БАҚЫЛАУ

182. Куәландырушы орталықтың техникалық және бағдарламалық құралдарының жұмыс қабілеттілігі мен тұтастығы осы құралдарды пайдалану құқықтары мен жауапкершілігін, қол жеткізуді қамтамасыз ететін ИТ архитектурасыны техникалық құралдарына қол жеткізу құқықтарын бөлуге негізделген ұйымдастырушылық және техникалық шаралар жүйесімен қамтамасыз етіледі.
183. Куәландырушы орталықтың ақпараттық жүйесіндегі кез келген өзгерістерді апробациялау мақсатында қажетті есептеу техникасының минимумымен, ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарымен және бағдарламалық жасақтаманы пайдалануға арналған лицензиялармен қамтамасыз етілген оның тестілік контуры болады және қолдайды.

6.7 параграф. ЖЕЛІ ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ

184. Куәландырушы орталықтың қызметтері рұқсатсыз қол жеткізуден және араласудан қорғалған (регламенттелген тәртіпте) Банкінің корпоративтік желісінде орындалады.

6.8 параграф. УАҚЫТ БЕЛГІЛЕРІ

185. Тіркеу куәліктері, кері қайтарылып алынған тіркеу куәліктерінің тізімдері, OSCP түбіртектерінің жауаптары (қызметтің жауаптары), тіркеу куәліктерін шығару және олардың мәртебесін өзгерту туралы ақпарат көрсетілген Куәландырушы орталықтың ақпараттық жүйесінің бақылау хаттамаларында оқиғалардың күні мен уақыты туралы ақпарат бар.

7 бөлім. ТІРКЕУ КУӘЛІКТЕРІНІҢ, СОРС ЖӘНЕ OSCP ПРОФИЛЬДЕРІ

7.1 параграф. ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ ПРОФИЛЬДЕРІ

186. Куәландырушы орталық тіркеу куәліктерін ITU-T X.509 стандартына сәйкес шығарады.

-
187. Тіркеу куәліктеріндегі негізгі жолдар олардың мазмұнына қойылатын талаптармен бірге Куәландырушы орталықтың қызметі ережелерінің 7.1 параграфына сәйкес анықталады.

7.2 параграф. КЕРІ ҚАЙТАРЫЛЫП АЛЫНҒАН ТІРКЕУ КУӘЛІКТЕРІ ТІЗІМІНІҢ ПРОФИЛЬДЕРІ

188. Куәландырушы орталық кері қайтарылып алынған тіркеу куәліктері тізімдерін ITU-T X.509 стандартына сәйкес шығарады.
189. Кері қайтарылып алынған тіркеу куәліктеріндегі негізгі жолдар мен кеңейтілімдер оларға қойылатын талаптармен бірге Куәландырушы орталық қызметі ережелерінің 7.2 параграфына сәйкес анықталады

7.3 параграф. OCSP СЕРВИСІНІҢ ПРОФИЛІ

190. Куәландырушы орталық шығарған тіркеу куәліктерінің мәртебесі туралы ақпарат алуға арналған OCSP сервисі RFC 2560 “X.509 Internet Public Key Infrastructure. Online Certificate Status Protocol - OCSP” (X.509 ашық кілттер итернет инфрақұрылымының сертификаттар мәртебесінің онлайн хаттамасы) кеңестеріне сәйкес ұсынылады.

8 бөлім. ҚЫЗМЕТТІ ТЕКСЕРУ

191. Куәландырушы орталық қызметі аккредитациялау процесінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында уәкілетті мемлекеттік органның тұрақты тексеруіне жатады.

9 бөлім. ӨЗГЕ СҰРАҚТАР

9.1 параграф. ТАРИФТЕР

192. Куәландырушы орталық қызметін көрсетуге кеткен шығыстар тарифтелмейді және төленбейді.

9.2 параграф. ЖАУАПКЕРШІЛІК

193. Куәландырушы орталық қызмет көрсететін ашық кілттер инфрақұрылымына қатысушылардың жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген²⁰.

9.3 параграф. АҚПАРАТТЫҢ ҚҰПИЯЛЫҒЫ

194. Куәландырушы орталық шығаратын тіркеу куәліктері мен оларды кері қайтарып алу туралы немесе басқа мәртебесі туралы ақпарат құпия ақпарат болып табылмайлы және құпия ақпарат ретінде қаралмайды.

9.4 параграф. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРІН ҚОРҒАУ

195. Тіркеу куәлігінің кез келген иесі (жазылушысы) Куәландырушы орталыққа тіркеу куәлігін шығаруға өтініш бере отырып, ондағы өзі туралы ақпараттың көпшіліктің қолы жетімділікте орналасатынына өз келісімін береді. Тіркеу куәлігін шығаруға өтініш субъектінің Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау сұрақтары бойынша заңнамасына сәйкес оның дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімін білдіретін жазбаша құжат болып табылады²¹.

²⁰ Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексі, 640 бап.

²¹ Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңы, 8 бап

9.5 параграф. ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ

196. Өзінің қызметінде Куәландырушы орталық авторлық және ерекше мүліктік құқығы Банкке тиесілі емес бағдарламалық жасақтаманы пайдаланады. Бағдарламалық жасақтаманы пайдалану тәртібі Банк сатып алған лицензия шарттарымен анықталады.
197. Тіркеу куәлігінің иелері (Жазылушылары) тіркеу куәліктерінде көрсетілген аттар мен сауда маркаларына өз құқықтарын сақтайды.

9.6. параграф. КЕПІЛДІКТЕР ЖӘНЕ КУӘЛАНДЫРУЛАР

198. Куәландырушы орталығының әр тіркеу куәлігінің иесі (жазылушы) қамтамасыз етеді:
- 1) Куәландырушы орталық шығарған, иесі қабылдаған және пайдаланған сәтте жарамды (қолдану мерзімі өтпеген және қайтарып алынбаған) өзіне сәйкес тіркеу куәлігі бар өзінің жабық криптографиялық кілтін ғана пайдалануды;
 - 2) өзінің криптографиялық кілтін кез келген басқа тұлғаның қол жеткізуінен қорғауды;
 - 3) тіркеу орталығына тіркеу куәлігін шығару үшін тапсырған өзі туралы деректердің дұрыстығын;
 - 4) тіркеу куәлігін қабылдар алдында тіркеу куәлігінде көрсетілген өзі туралы мәліметтің дұрыстығын тексеруді;
 - 5) әлдеқандай тіркеу куәліктеріне, кері қайтарылып алынған тіркеу куәліктерінің тізімдеріне, ашық кілт куәліктерінің кез келген басқа форматына немесе оның мәртебесі туралы ақпаратқа қол қою мақсатында өзінің жабық кілтін пайдаланбауды.
199. Тіркеу куәлігінің әрбір иесі және әрбір пайдаланушысы (жазылушы және сенім білдіруші тарап) Куәландырушы орталық шығарған тіркеу куәліктерін пайдаланған кезде тіркеу куәлігі мен оның иесі (жазылушысы) туралы объективті ақпараттың жеткілікті көлеміне сүйенетін тек негізделген шешімдер қабылдауды қамтамасыз етеді

9.7 параграф. КЕПІЛДІКТЕН БАС ТARTУ

200. Куәландырушы орталық тіркеу куәліктерінің иелері мен пайдаланушылары (жазылушылар және сенім білдіруші тараптар) алдында Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба сұрақтары бойынша заңнамасында белгіленген және тіркеу куәліктерінің саясатында декларацияланған жауапкершіліктен басқа Банкілік қызметтер көрсету шарттарынан туындайтын қосымша жауапкершілік көтермейді, оның ішінде тауарлық жарамдылық пен сәйкестік үшін жауапкершілікпен қоса.

9.8 параграф. ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ

201. Куәландырушы орталықтың, тіркеу орталықтарының, тіркеу куәліктерінің иелері мен пайдаланушыларының (жазылушылар және сенім білдіруші тараптардың) жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасымен шектелген²².

9.9 параграф. ӨТЕМДЕР

202. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қарама-қайшы келмейтін бөлігінде, тіркеу куәліктері иелерінің (жазылушылардың) есебіне өтемге байланысты шығыстар жатқызылады:

²²Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексі, 640 бап.

-
- 1) тіркеу куәліктерін шығаруға немесе кері қайтарып алуға өтініштердегі қате, адастырушы немесе қасақана жалған ақпаратты ұсыну;
 - 2) тіркеу куәліктерін шығаруға немесе кері қайтарып алуға өтініштерде көрсетілуге жататын елеулі фактілерді байқаусызда немесе қасақана жасыру;
 - 3) әшкере болуға, ашылуға, өзгертуге немесе рұқсатсыз пайдалануға әкелген өзінің жабық криптографиялық кілтін қорғау шараларын қабылдамау;
 - 4) өзінің ерекшеленген атының құрамында үшінші тұлғалардың зияткерлік меншік құқығын бұзатын атауларды пайдалану.
203. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қарама-қайшы келмейтін бөлігінде тіркеу куәліктері иелерінің (сенім білдіруші тараптардың) есебіне өтемге байланысты шығыстар жатқызылады:
- 1) тіркеу куәлігі пайдаланушысының (сенім білдіруші тараптың) міндеттемелерін бұзуынан жіберілген тіркеу куәлігіне негізсіз сенім;
 - 2) қолданылу мерзімі мен мәртебесін (кері қайтарылып алынды/қайтырылып алынған жоқ) анықтау мақсатында тіркеу куәлігін тексеру бойынша шаралар қолданбау.

9.10. параграф КҮШІНЕ ЕНУІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУЫНЫҢ ТОҚТАУЫ

204. Тіркеу куәліктері саясаты және оларға жасалған барлық өзгертулер мен толықтырулар Интернет желісіндегі Банкінің ресми ақпараттық ресурсында жарияланған күннен бастап күшіне енеді.
205. Тіркеу куәліктері саясаты оның жарияланған өзгертулерін және толықтыруларын ескере отырып, Интернет желісіндегі Банкінің ресми ақпараттық ресурсында Тіркеу куәліктері саясаты жаңа редакцияда жарияланған сәтке дейін өз күшін сақтайды.

9.11 параграф. ЖЕКЕ ХАБАРЛАМА ЖӘНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРМЕН БАЙЛАНЫС

206. Ашық кілттер инфрақұрылымына қатысушылар: Куәландырушы орталық, тіркеу орталықтары, тіркеу куәліктерінің иелері мен пайдаланушылары (жазылушылар және сенім білдіруші тараптар) - егер тараптар арасындағы келісімде өзгеше анықталмаған болса бір-бірімен байланыс үшін өзара іс-қимыл мәніне, коммуникацияның маңыздылығы мен жеделдігі дәрежесіне сәйкес келетін кез келген орынды арналарды пайдаланады.

9.12 параграф. ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

207. Тіркеу куәліктері саясатына болымсыз өзгерістер (мекенжайлар мен сілтемелердің, байланыс ақпараттарының өзгеруі, қате жазуды түзету және т.б.) ашық кілттер инфрақұрылымына қатысушыларға алдын-ала хабарламастан енгізіледі. Өзгертулер мен толықтырулардың маңыздылық (маңызды немесе маңызсыз) деңгейі туралы шешімді Куәландырушы орталық өз бетінше қабылдайды
208. Тіркеу куәліктері саясатына жасалған маңызды өзгертулер мен толықтыруларды Куәландырушы орталық алдын ала жоба түрінде, әдетте күшіне енгенге дейін 14 күнтізбе күні бұрын интернет желісіндегі Банкінің ресми ресурсына жариялайды, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында жарияланған өзгерістермен өзгеше көзделмесе.
209. Тіркеу куәліктері саясатына өзгертулер мен толықтырулар енгізілген жағдайда Куәландырушы орталық Тіркеу куәліктері саясаты объектілік сәйкестендіргіштері тізбесіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу қажеттігін анықтау және оның Тіркеу куәліктері саясатының жаңа редакциясымен сәйкестікке келтірілуі үшін жауап береді.

210. Егер Тіркеу куәліктері саясатына өзгертулер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты Тіркеу куәліктері саясаты объектілік сәйкестендіргіштерінің тізбесіне де өзгерістер енгізу қажет болса, онда оған, сонымен қатар Куәландырушы орталық қызметінің ережелеріне тиісті өзгерістер бір мезгілде енгізіледі және жарияланады.

9.13 параграф. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

211. Ашық кілттер инфрақұрылымына қатысушылар арасындағы: тіркеу куәліктерінің иелері мен пайдаланушылары (жазылушылар мен сенім білдіруші тараптар) арасындағы, сондай-ақ бір жағынан жазылушы немесе сенім білдіруші тарап және екінші жағынан Куәландырушы орталық немесе тіркеу орталығы арасындағы даулар Қазақстан Республикасы заңнамасының қағидаларына сәйкес шешіледі.
212. Егер дау сотқа дейінгі тәртіпте шешілмесе, онда ол сот тәртібінде шешілуі тиіс.

9.14 параграф. ЮРИСДИКЦИЯ

213. Тіркеу куәліктері саясатының мәні бойынша келіспеушіліктер тудырған дауларды шешу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылады.

9.15 параграф. ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМАҒА СӘЙКЕСТІК

214. Ашық кілттер инфрақұрылымының қатысушыларына: Куәландырушы орталыққа, тіркеу орталықтарына, тіркеу куәліктерінің иелері мен пайдаланушыларына (жазылушыларға және сенім білдіруші тараптарға) – келесі сұрақтар бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары қолданылады:
- 1) электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба;
 - 2) рұқсаттар мен хабарламалар (АКҚҚ жүзеге асыруға қатысты бөлімде);
 - 3) төлемдер мен төлем жүйелері;
 - 4) дербес деректер және оларды қорғау.

9.16 параграф. ӨЗГЕ ҚАҒИДАЛАР

215. Егер Тіркеу куәліктері саясатын қағидаларының бір бөлігін сот немесе уәкілетті мемлекеттік орган қолданылмайды деп таныған жағдайда, олардың қалған бөлігі күшін сақтайды
216. Еңсерілмес күш (форс-мажор) мән-жайлары туындаған жағдайда ашық кілттер инфрақұрылымының қатысушылары: Куәландырушы орталық, тіркеу орталықтары, тіркеу куәліктерінің иелері мен пайдаланушылары (жазылушылар мен сенім білдіруші тараптар), – олардың арасында жасалған қолданыстағы шарттардың (егер бар болса) тиісті қағидаларын басшылыққа алады.